

## «ҚАРАӨЗЕК» РОМАНЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

Оспан Ж.Д.

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауым. профессор Такиров С.У.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
zanerke.ospan167@gmail.com  
Қарағанды қ.

Қазақ әдебиетінде әр қоғам кезеңінің айқын, бүкпесіз шындықпен бейнелеген шығармалар аз да болса кездеседі. Кеңестік дәуірде ой еркіндігіне мүмкіндік берілмеді. Әдебиет те сол уақыттың қатаң саяси бақылауында болып, халықтың шынайы үніне тұсау салынды. Қоғамдағы әділетсіздік, еркіндікке деген ұмтылыс, ұлттық намыс сияқты тақырыптар ашық айтылмады. Желтоқсан оқиғасының да ақиқаты көп жылдар бойы жабық күйде қалып, оны көркем бейнелеу мүмкін болмады. Алайда кеңестік кезеңде сөз еркіндігіне тыйым салынса да, қазақ халқының ұлттық намысы жоғалған жоқ. Оның ең айқын дәлелі - 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Мәскеуден қазақ жұртының келісімінсіз орыс басшысының тағайындалуына қарсы шыққан қазақ жастары алаңға жиналып, «ел намысы - ер намысы» екенін дәлелдегендей. Бұл көтеріліс - халық рухының биіктігін, ұлттың бостандыққа деген ұмтылысын айқындаған тарихи белес болды.

«Намыс» ұғымын мұнда бекер қозғап отырған жоқпыз. Өйткені 1989 жылы халық жазушысы, ақын Мұхтар Шаханов алғаш рет Желтоқсан ақиқатын көтеріп, қазақ халқының рухын асқақтатты. Мәскеуде өткен КСРО халық депутаттарының съезінде ол Арал мәселесін қозғаймын деп шығып, сонымен бірге Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ халқына «ұлтшыл» деген әділетсіз айып тағылғанын батыл түрде әшкереледі.

Ал былайша әдебиет қатаң цензуралық шеңбер ішінде өмір сүрді. Ұлттық мәселе мен қазақтың дүниетанымына, сенім-нанымына қатысты шығармалар мен ол жөнінде қалам тербеген қаламгерлер қудаланды, тіпті, жазушылар одағынан шеттетілді. Тек социалистик реализмшілдікті қару еткен қаламгерлердің жолы болды [1].

Тек тәуелсіздіктің ақ таңы атқаннан кейін ғана ұлт әдебиеті еркін тыныс алып, бұрын айтуға тыйым салынған тарихи шындық шығармаларға арқау болды. Желтоқсан оқиғасы да осы кезеңде әдебиет сахнасына шығып, ақындар жырлап, жазушылар суреттеп, драматургтер сахналық туындыларға айналдырды. Әдебиетте бұл оқиға халықтың рухын көтерген, азаттықтың қасіретті де қасиетті баспалдағы ретінде көркемдік шешімін тапты. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы - қазақ халқының тарихи тағдырындағы шешуші белес, ұлттық тәуелсіздіктің бастауы болған ұлы оқиға. Бұл көтеріліс - жас ұрпақтың азаттық жолындағы жанқиярлық күресін паш етіп, қазақ қоғамының рухани өрлеуіне ықпал етті.

Ел тарихында өзінің қанды ізін қалдырған, жан жарасын сыздатып келген ауыр тақырып еді. Белгілі бір ел әдебиетінің тарихы сол халықтың қоғамдық санасының және мәдениетінің тарихымен тығыз байланысты. Егер бұл тақырыпты қозғай алды десек, қандай дәрежеде, қандай формамен бейнеледі деген сауал еріксіз туындайды. Қазақтың қылшылдаған қыз-жігіттерінің көз жасынан тұратын бұл тақырыпты біраз қаламгерлер өз шығармаларына арқау еткені белгілі. Р.Нұрғалиев ағамыздың, Т.Сәукетаевтың «Ай қараңғысы» атты романы мен Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романы бұл тақырыптың үлкен прозада сөз болуына негіз болса, әңгіме-повестерде - А.Алтай, М.Байғұтұлы, Ж.Қорғасбек пен Қ.Түменбайлар түрен салды [2].

Әдебиет халық жадындағы ең сенімді айна. Ақын-жазушылар Желтоқсанды біріншіден тарихи шындық ретінде, екіншіден көркем образдық деңгейде сомдады. Бұл шығармаларда басты назарға жастардың қайсарлығы, әділетсіздікке қарсылық, ұлт намысы мен тәуелсіздікке ұмтылыс алынды. Қай дәуірдің туындысын оқысақ та, одан сол уақыттың айнасын көреміз. Бірі шынайылықты мейлінше дәл жеткізсе, енді бірі аздап қыл өтірікпен боямалап, оқырманға ұсынады. Дегенмен, нағыз суреткер кейіпкерге жан бітіріп, оның ойы мен сезімін, қуанышы мен күйінішін қоса өріп, шынайы бейнесін жасайды. Осындай туындылардың бірі - Нұржан Қуантайұлының «Қараөзек» романы.

Прологынан-ақ тілі жеңіл, оқырманды бірден жетелеп әкететін бұл шығармада үлкен мағына мен терең тарих бар. Роман үш тараудан тұрады. Роман Хақанның көлеңкелі ғұмырына негізделген. Алғашқысы Желтоқсан оқиғасы мен оған жалғасқан жеті жылдық түрме өмірін суреттесе, екінші «Қияда» тарауы азаттыққа шыққаннан кейінгі нәпақа табу жолындағы күресін бейнелейді. Үшінші «Қаза» тарауы кейіпкер тағдырының ең соңғы қасіреті жайлы.

Романда тек бір кезең емес, тұтас қоғамдағы қайшылықтар суреттеледі: саясаткерлердің былығы, қалың жұрттың аяққа тұра алмай, әрең күнін көріп жүргені, ал арам жолмен табыс тапқандардың байлықтың жемісін көріп, шырқап кеткені айқын бейнеленеді.

Алғашқы тарау бас кейіпкердің досы Құрмаштың жүрекжарды хатынан басталады. Бұл хатта өткен күндердің елесі, бірге өткізген сәттердің ізі, бас кейіпкерге деген сағыныш пен іңкәрлік сезімі шынайы өрнекпен беріледі. Ең бастысы - шығармада сол дәуірдегі өзгерістер бастапқы бөлімінен-ақ айқын көрініс тапқан. Оның бірі - ақша ауысуы. Байлардың көкіректерін керіп, жылдар бойы жинаған байлығы бір-ақ сәтте сары жапыраққа айналып, олардың өздеріне де ауыр тиді. Ал қарапайым халықтың бала-шағасына деп жиған-тергені де аз уақыт ішінде мүлдем құнсыз қалды. Бұл құбылыстың кімнің идеясына негізделгені де жасырын қалмайды: автор Егор Гайдардың «Шоковая терапиясын» атап өтеді. Экономикалық дағдарыстан шығу үшін қолданылған бұл саясат қарапайым адамдардың тұрмысын жақсартудың орнына, керісінше, олардың қалтасын қағып, әлеуметтік жағдайды әлсірете түсті. «Мен революцияны көргем жоқ. Бірақ ақша терапиясымен де революция істеуге болатынына көзім жетті», - деген жолдар осыны айқындайды [3]. Мұнда автор антитеза тәсілі арқылы Құрмаштың төңкерісті өз басынан өткермегенін, алайда байлардың да, қолында бірер сомы қалған бейкүнә жандардың да қалтасынан қағылғанын көзімен көргенін бейнелейді. Мұны бұған дейінгі Құрмаштың «Бізді қойшы, бізде ақша жоқ қой» - деген сөзінен де анық байқаймыз. Осылайша бір ғана хат Құрмаштың алаң көңілін көрсеткен. Кейін шығарма оқиғасы бірден түрме көріністеріне ойысады. Қандай түрме дейсіз ғой, мұнда автор Хаканның декабрист ретінде «зонаға» түскенін Колянмен әңгімесі арқылы аңғартады. Колян бозбала шағынан қалта ұрлығына бой ұрғанын, қолының сұғанағы бар екенін айтып болғаннан соң, Хакан да өз әңгімесін бастайды.

Күнделікті дағдысымен, жастық шақтың қызуымен жүрген Хакан әдетінше сабағына барған еді. Сол кезде көзіне алаңға жиналған қалың жұрт түсті. Бәрі дерлік Брежнев алаңына ағылғандай. Кейіпкер таңырқай қарап қалған. Шығармада бұл көрініс ешқандай боямасыз суреттелген қалың жұрттың жан айқайы, әскерлердің адамдарды аяусыз ұрып-соғуы, қыз деп елемей қорлағаны анық көрсетілген. Шығармада бұл оқиға «тура патша заманындағы экзекуция» деп беріледі [3]. Шын мәнінде дәл солай: қорлау, қинау, аяусыз жазалау Хакан бір қызды құтқарып қалмақ болып еді, оны да етпетінен құлатқан.

Ес жия алмай, не өңі, не түсі екенін айыра алмай отырғанда, тергеу кезеңі де басталды. Ол кезде Хаканның жасы бар-жоғы он сегізде ғана болатын. Кейіпкер алаңға ешқандай саяси мақсатпен емес, бар болғаны қызық көріп барғанын тергеу барысында айтқан еді. Бірақ соның өзін айыпқа балап, майордың қолдан жала жабуы романдағы әділетсіздік пен зорлықтың не басы не соңы емес жалғасы болса керек. Романның желісі де осылай бір оқиғадан екіншісіне ауысып отырады. Камераға ойысқан әңгіме Хакан секілді алаңға шыққан Аладонғардың сөздері арқылы жалғасады. Сол әңгімеде Брежнев алаңына халықтың не үшін жиналғаны баяндалған. Ол бастапқыда бейтарап күйде жүріп, Сәтпаев көшесін бойлай өтіп бара жатқанда, Сейфуллин жақтан плакат ұстаған жастарды көреді. Сол плакаттағы «Каждой республике - свой руководитель» деген жазу оның ойына ой салып, қазақ халқының тағдырына бейжай қарай алмайтынын аңғартады. Жолай жастар арасынан естіген әңгімелерден Қонаевтың орнынан алынып, оның орнына Ресейден Колбиннің жіберілгенін біледі. Бұл оқиға әділетсіз шешім ретінде қабылданып, халықтың ашу-ызасын туғызған. Кейіпкер үшін ең ауыр сұрақ - республика өз басшысын таңдай алмай отырғанда, мемлекеттік дербестіктің мәні бар ма деген ой еді. Ол осы ойдан түйін жасап, егер халық өзін-өзі билей алмаса, республиканың атауы да, мәні де бос екенін түсінеді. «Абақты қатар-қатар болады екен, ішіне жақсы, жаман толады екен» деген өлең жолдары Мәди ақынға тиесілі [3]. Автор бұл жолдарды Хақназардың ойына салу арқылы оның да нақақтан жапа шеккен бейнесін көрсеткендей. Үкіметтің қаһарына іліккен Хақаң абақтыда талай азапты түндерін, зұлматқа толы күндерін өткізді. «Зұлмат» деуіміздің себебі ол ең ауыр еңбекпен түзеу лагерьлерінде, Маңғышлақта да, Қостанайда да болды. Онда да Хақназарды адам құрлы көрмей, кісі өлтірген қаныпезердей санады. Тіпті дәрігердің өзі бүйрегінен қан кеткен сәтте: «- Да ты оказывається декабрист! Нет, лечить таких калбитов я не буду» - деп, қаша жөнелген [3]. Мұның бәрі - оның бастан кешкен азаптарының бір ғана бөлігі. Негізінде, адамның адамдығы - ісінен көрінеді емес пе?! Ал енді айтылған «жақсы» мен «жаманды» ажыратып көріңіз. Жазушы шығармасында абақты өмірінің қырсырын ашу үшін сол аумақта қолданылатын тілдік элементтерді кеңінен енгізген. Кеңестік абақтыдағы тұрмыстың шындығын жеткізуде ол сол ортаға тән жаргон сөздерді пайдаланып, оқырманға сол кездің атмосферасын сезінуіне бір мүмкіндік бергендей. Мәселен, волчок, кормушка, гайдамак, трюм,

шконка, кум, кумовя, наседка, компромат, бродяга, отстойник, промзона, чифир, ходка, крадун, щипач, писак, СИЗО, ДПНСИ, коньды, карцер, коневой, стаканчик, семейка, малява, положенец тәрізді сөздер.

«Бұлыңғыр күннің артынан бұлтты түре күн шығады» деуші еді ғой. Алайда бұл заңдылық Хақанды қапыда қалдырғандай. Бостандыққа шыққанымен, ақша құнсызданып, жаңа нарық заманында еңбек ақы жоғалып, халықтың көбі базар жағалап, тілеу тілеген күйге түскендей. Осындай алмағайып кезеңде оңалып кетуі екі талай десе де оның бостандығы оған бір қуаныш.

Бір байқайтынымыз - автор қазіргі заманның қайшылықтарын сол кезеңнің оқиғаларынан-ақ көрсетіп отырғандай. Бостандыққа шыққан Хақан Құрмаштың студент қыздарымен танысып, жаңа бір ортаның әңгімесіне куә болады. Осы тұстан қызық басталады, пікірталас өрбиді.

«Бұл ілімді үйреніп жүргенімізге бір айдың жүзі болды. Содан бері: “Харе, Кришна, Харе, Кришна!” - деп сыйынып келеміз. Дүниенің құпиясына бойлап бара жатқандаймыз...» - деп Индира екі алақанын түйістіріп, көкке қарап сөз бастайды[3].

Бірақ басқа біреуі: «Әй, біз атеист емеспіз бе?» - деп сөзді жалғап отырған[3].

Бұл көрініс оқырманға өте таныс. Қазір де қоғамда бір кітап оқып, бір бейнеролик көріп алып, «О, мынау дұрыс екен ғой, шындық осы екен» деп жетегінде кетіп жататындар аз емес. Сектаға түсіп қалғандар да, өзгенің дінін дұрыс түсінбей қабылдағандар да бар. Яғни, бұл қазірдің ғана емес, бұрыннан бар құбылыс. Жаңағы қыздарға қанша сөз айтылса да, олар «Бізде демократия емес пе?» - деп сөзді басқа арнаға бұрады.

Осылайша тағы бір пікірталас өрбіген. Демократия. Автор өз ойларын Хақназармен жеткізгендей көрінді. Бірі: «Демократия орнаған елдер дамып жатыр» - десе, екіншісі: «Дәл сол демократия арқылы зұлымдықты да насихаттауға болады» - дейді.

«Халық ешқашан өзін-өзі билеген емес тарихта. Оны не белгілі бір тұқым, не бір саяси топ, немесе бір партия билеп келген. Билеп келеді де. “Демократия” деген ұғым - саясаткерлер үшін әшейін бетперде ғана» - деп Хақназар да өз ойымен бөліскен[3].

Міне, автордың шеберлігі де осында: ол кейіпкерлерінің аузымен бүгінгі күннің өзекті сұрағын көтеріп отыр. Бұл тек Хақанның жағдайы емес, жалпы қоғамның кеселі. Еркіндікке шыққанымен, қай бағытқа бет алуын білмей, біреудің жетегіне еріп кету өткен дәуірде де, қазіргі заманда да қайталанып келе жатқан ортақ мәселе.

Нұржан Қуантайұлы өз сұхбатында нарық заманының ауыртпалықтарын да еске алған. Жұмыссыздық жайлаған сол кезеңде, қолында дипломы болса да, базар жағалап, қара жұмыс істегенін бөліседі. Бұл жағдай Құрмаш пен Хақанның бейнесін еске түсіреді. Расында да, шығармада суреттелгендей: «Мәшиненің тұрағын күзеткен қазақ, базар сыпырған қазақ, жүк тасыған қазақ, қайыр сұраған қазақ, тәшкі сүйреген қазақ...» - деген көріністер сол дәуірдің шындығын айғақтайды[3].

Хақан алғашында Ернардың барахолкадағы контейнерін жалға алып, сауда жасайды. Кейін серіктестері бір қытайды 20 000 доллармен алдап кетуді ойлап, істі Хақан арқылы жүзеге асырмақ болады. Осылайша ол еріксіз сыбайласқа айналады. Ақша қалтасында тұрмай, ұрлатып та қояды. Құрмашты іздеп жүрген Хақан Алданғордың әйеліне жолығып, оған көмектеспек болады. Бірақ осы кезде баяғы қытайдың қолына түсіп, пышақ жарақатынан қаза табады.

Әттен, шығарманың соңғы түйіні көңілге ауыр тиеді. Хақан оңалады-ау дегенде қаза хабары оқырманға оңай соқпайды. Дегенмен, мұндай шешімнің өзінде үлкен мән бар болар.

Алты жыл абақтыда азап шегіп, өмірдің сынақтардан тұратының түсінген жанның соңында аңғалдықпен арбауға түсуі - адам табиғатының қасіретті көрінісі.

Қазақ әдебиетінде алдағы уақытта жазықсыз жастың қанын арқалаған екіжүзділердің кейінгі тағдыры жан-жақты ашылып, көркем бейнеленуі тиіс. Өйткені мұндайлар - ар-ұяттан айырылған, нәпсінің құлына айналған, дүниеқоңыздық пен опасыздықтың жолына түскендер. Олар бір сәтке жеңіп шыққандай көрінгенімен, түптің түбінде әділеттің алдында жауап бермей қоймайды. Сол үшінше шығармада Ернардың былығының жауапсыз қалуы түсініксіз. Міне, осы ақиқатты әдебиет шыншылдықпен, көркемдікпен ашып көрсетуі қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://abai.kz/index.php/post/133790>
2. Г.С. Балтабаева ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӨЛЕМІ ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №4-5(128-129). 2010
3. Н.Қуантайұлы «Қараөзек». - Алматы: «Әдебиет», 2021 - 320 б.